

4 деңгейлі ПРОФАЙЛИНГ

Құрметті мәдениеттану пәнін игеруші студент!
Әрбір беттегі нұсқаулықты мұқият оқып түсіну арқылы
тапсырманы орындап шық!

Профайлинг дегеніміз өздеріңіз күнде көріп жүрген пияз
немесе қырыққабаттың қабығы сынды қабаттар, әр
қабатқа өткен сайын, оны тереңінен танып, зерттегенінді
өзің де байқамай қаласың, олай болса, ІСКЕ СӘТ!

**Ескертпе! Әр деңгейде көрсетілген сұраққа ғана жауап
жазыңыз!**

I ДЕҢГЕЙ.

Сіз өзіңізге аса таныс емес, беймәлім бір елді таңдап алыңыз.

- Ол елдің немесе мемлекеттің атауы;
- Ол елдің немесе мемлекеттің орналасқан жері (континенті, аумағы, жер құрылымы);
- Ол елде немесе мемлекетте тұратын халықтың атауы, саны, ең атақты 3 тұлғасы;
- Ол ел немесе мемлекеттің туы.

(жауаптарыңыз нақты болсын, сонымен қатар, сол жауабыңызды дәлелдейтін, айтары бар сурет, 1-1,5 минуттан аспайтын бейне материал қосуға да болады)

II ДЕНГЕЙ.

Сіз таңдаған елдің немесе мемлекеттің тілі, діні тарихы мен мәдениетіне шолу жасау.

- **Ол ел немесе мемлекет қай тілде сөйлейді және ол тіл қайдан пайда болған;**
- **Ол ел немесе мемлекет қандай дінді ұстанады және ол дін қалай келген;**
- **Ол ел немесе мемлекет тарихындағы аса маңызды 2-3 аргументті алға тартыңыз;**
- **Ол ел немесе мемлекеттің мәдениетін айшықтайтын 2-3 маңызды мәдени ошақтарды атап көрсетіңіз.**

(жауаптарыңыз нақты болсын, сонымен қатар, сол жауабыңызды дәлелдейтін, айтары бар сурет, 1-1,5 минуттан аспайтын бейне материал қосуға да болады)

ІІІ ДЕҢГЕЙ.

Сіз өзіңі таңдап, онымен таныс болған ел немесе мемлекетіңізге барудың табан астынан сәті түсті! Сіздің әрекеттеріңіз!

- **Ол ел немесе мемлекетке баруға 2 ай ғана уақыт қалды, Сіз оны неге жұмсайсыз!**
- **Ол ел мемлекетке өзіңізбен бірге не алып барар едіңіз! (3 аргументтен аспасын)**
- **Ол ел немесе мемлекеттен өз еліңізге не алып келер едіңіз! (5 аргументтен аспасын)**

(жауаптарыңыз нақты болсын, аргументке нақты зат немесе рухани дүние т.б. Жататынын ескеріңіз!)

IV ДЕҢГЕЙ.

Сіз таңдаған, танысқан және барып саяхаттаған ел немесе мемлекеттің өз еліңмен мәдени ұқсастығы мен айырмашылығы

- **2-3 ұқсастық аргументі;**
- **2-3 айырмашылық аргументі;**
- **Тайм-менеджмент (Сіздің осы профайлингті жасағаныңызға қанша уақыт кетті?);**
- **Интенсификация (Сіздің осы профайлингті жасау барысында қиналған және көп күш кеткен тұсыңызды анықтаңыз!)**

жауаптарыңыз нақты әрі шынайы болсын!